

Always there to help you

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome



DCD3020



User manual	3	Қолданушының нұсқасы	63
Руководство пользователя	31	Посібник користувача	101

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	32
Қауіпсіздік	32
2 DVD шағын кинотеатрыңыз	34
Кіріспе	34
Қораптың құрамы	34
Негізгі құрылғыны шолу	35
Қашықтан басқару құралына шолу	36
3 Қосу	38
Құрылғыны орналастыру	38
Динамиктерді қосу	38
Дыбыстық кабельдерді жалғау	38
Бейне кабельдерді жалғау	39
Сыртқы дыбыстық құрылғыны жалғау (қосымша)	39
FM антеннасын жалғау	40
Қуатты қосу	40
4 Жұмысты бастау	41
Қашықтан басқару құралын дайындау	41
Қосу	41
Сағатты орнату	42
Дисплейдің жарықтығын реттеу	42
Дұрыс көру арнасын іздеу	42
Дұрыс ТД жүйесін таңдау	42
Жүйелік мәзірдің тілін өзгерту	43
Прогрессивті жайманы қосу	43
5 Ойнату	44
Диск ойнату	44
USB немесе жазылған дискілерден ойнату	45
Фондық музыкасы бар слайд көрсетілімін ойнату	45
Ойнатуды басқару	46
Ойнату опциялары	46
Суретті көру параметрлері	47

6 iPod/iPhone/iPad құрылғысын ойнату	48
Үйлесімді iPod/iPhone/iPad	48
iPod/iPhone/iPad құрылғысын салу	48
iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау	48
iPod/iPhone/iPad тыңдау	49
iPod/iPhone/iPad құрылғысын алу	49
7 Радио тыңдау	50
Радио станцияға реттеу	50
Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	50
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	50
Сақтаулы радиостансаны реттеу	50
8 Дыбысты реттеу	51
Дыбыс деңгейін реттеу	51
Дыбыс әсерін таңдау	51
Дыбысты өшіру	51
9 Параметрлерді реттеу	52
Жалпы реттеу	52
Дыбысты реттеу	52
Бейнені реттеу	52
Артықшылық	53
10 Басқа мүмкіндіктер	55
Демонстрация режимін іске қосу	55
Оятқыш таймерін орнату	55
Ұйқы таймерін орнату	56
Дыбыстық құрылғыны таңдау	56
Құлақсаппа арқылы тыңдау	56
11 Өнім туралы ақпарат	57
Ерекшеліктер	57
Қолданылатын дискі пішімдері	58
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	58
12 Ақаулықтарды жою	59
13 Ескерту	61

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады. АБАЙЛАҢЫЗ! От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс. ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжытқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:

- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Батареяларды күн сәулесі, от немесе т.с.с сияқты артық қызу көзіне шығармау керек.
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Қатты қызып кету қаупі бар! Бұл құралды тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, құралдың айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Құралдағы желдеткіш тесіктердің перделері немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Осы құрылғыны тегіс, қатты және орнықты жерге орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр жабдықтың үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны тек іште пайдаланыңыз. Бұл құрылғыны судан, ылғалдан және суға толы заттардан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.

- Құлақаспаптарды жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану есту қабілетіңізді нашарлатады. Бұл өнім дыбыстарды бір минуттан аз тыңдаған қалыпты адамның есту қабілетінің жоғалуына себеп болатын децибелдің ауқымда шығарады. Жоғары децибелдік ауқымдар есту қабілеті бұрыннан нашар адамдарға ұсынылады.
- Дыбыс алдамшы болуы мүмкін. Уақыт өткен сайын естуге «қолайлы деңгейіңіз» жоғары дыбыс деңгейіне бейімделеді. Ұзақ уақыт тыңдағаннан кейін «қалыпты» дыбыстар қатты естілуі және есту органдарыңызға зиянды болады. Бұдан қорғану үшін есту органыңыз бейімделместен бұрын дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатып, солай қалдырыңыз.

Қауіпсіз дыбыс деңгейін орнату үшін:

- Дыбыс деңгейін реттегішті төмен параметрге орнатыңыз.
- Дыбысты жақсы және бұрмаланусыз анық естігенге дейін баяулап көбейтіңіз.

Бірқалыпты уақыт аралығында тыңдаңыз:

- Дыбысты ұзақ уақыт, тіпті «қауіпсіз» деңгейде тыңдау, есту қабілетінің жоғалуына себеп болады.
- Жабдықты бірқалыпты пайдаланыңыз және тиісті үзілістер жасаңыз.

Құлақаспап пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз. Құлақаспапты көлік жүргізгенде, велосипед, скейтборд т.б. пайдаланғанда қолданбаңыз; апатты жағдай туғызады және көптеген аймақтарда заңсыз болып табылады.

Есту қауіпсіздігі

Орташа дыбыс деңгейінде тыңдаңыз.

2 DVD шағын кинотеатрыңыз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: www.philips.com/welcome.

Кіріспе


Осы құрылғы беретін мүмкіндіктер:

- DVD/VCD/SVCD дискілеріндегі, iPod/iPhone/iPad немесе USB жад құрылғыларындағы бейнені көру
- Дискілердегі, iPod/iPhone/iPad немесе USB жад құрылғыларындағы дыбысты тыңдау
- Дискілердегі немесе USB жад құрылғыларындағы суреттерді көру
- FM радиосын тыңдау

Дыбыс шығысын мына дыбыстық әсерлермен байытуға болады:

- Динамикалық бассты күшейту (DBB)
- DSC (сандық дыбысты басқару)

Бұл құрылғы мына мультимедиа/диск пішімдерін қолдайды:



Төмендегі аймақтық кодымен белгіленген DVD дискілерін ойнатуға болады:



DVD аймақтық коды	Елдер
	Ресей

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- 2 динамик
- Қашықтан басқару құралы (батареясыз)
- Композиттік бейне кабель (сары)
- Ток сымы
- MP3 байланыс кабелі
- FM антеннасы
- 8 резеңке жастықша
- Пайдаланушы нұсқаулығы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы

Негізгі құрылғыны шолу



①

- Құрылғыны қосу немесе күту режиміне ауыстыру.


② PRESET +/-

- Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
- Алдыңғы/келесі альбомға өтіңіз.

③

- Алдыңғы/келесі жолға өту.
- Жолда/дискіде/USB құрылғысында іздеу.
- Радиостансаны реттеу.
- iPod/iPhone/iPad мәзірін шарлау.
- Уақытты реттеу.

Қашықтан басқару құралына шолу




- ① **Power**
 - Құрылғыны қосу немесе күту режиміне ауыстыру.
- ② **Көзді таңдау пернелері**
 - Көзді таңдаңыз.
- ③ **CLOCK/DISPLAY**
 - Сағатты орнату.
 - RDS ақпаратын көрсету.

- ④ **■**
 - Ойнатуды тоқтату.
- ⑤ **SOURCE**
 - Көзді таңдау: DISC, FM, USB, DOCK, AUX IN немесе MP3 LINK.
- ⑥ **▲**
 - Диск бөлімін ашу/жабу.
- ⑦ **iPod/iPhone/iPad арналған қондырма**
- ⑧ **🔌**
 - USB ұясы.
- ⑨ **▶||**
 - Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ⑩ **VOLUME + / -**
 - Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑪ **Дисплейлі панель**
 - Ағымдағы күйді көрсету.
- ⑫ **Диск бөлімі**
- ⑬ **MP3-LINK**
 - Сыртқы дыбыс құрылғысын қосу.
- ⑭ **🎧**
 - Құлаққап ұясы.
- ⑮ **STANDBY**

- ④ ◀ / ▶ (◀◀ / ▶▶)
- Жолда немесе дискіде іздеу.
 - Алдыңғы/келесі трекке/тақырыпқа/ тарауға өту.
 - Мәзірлер үшін солға/оңға шарлау.
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.
 - Сурет бұру.
 - Уақытты реттеу.
- ⑤ **SYSTEM/MENU**
- Жүйені реттеу мәзіріне кіру немесе одан шығу.
- ⑥ ▶▶▶
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ⑦ **PBC**
- Ойнатуды басқаруды қосу/өшіру.
- ⑧ ■
- Ойнатуды тоқтату.
- ⑨ **DSC**
- Алдын ала орнатылған дыбыс параметрін таңдаңыз.
- ⑩ **DBB**
- Динамикалық басс күшейту (DBB) дыбысын қосу немесе өшіру.
- ⑪ **Сандық пернетақта**
- Тақырыпты/тарауды/тректі тікелей таңдау.
- ⑫ **AUDIO**
- VCD үшін стерео, моно сол жақ немесе моно оң жақ арнаны таңдаңыз.
 - DVD/DivX бейнесі үшін дыбыс тілін таңдау.
- ⑬ **ANGLE/PROG**
- DVD камерасының бұрышын таңдау.
 - Радио станцияларды бағдарламалау.
- ⑭ **RETURN/TITLE**
- Алдыңғы мәзірге оралу.
- ⑮ **REPEAT A-B**
- Тректері/тараудағы белгілі бір бөлімді қайталау.
- ⑯ **GOTO**
- Дискіні ойнату кезінде ойнатуды бастайтын орынды көрсету.
- ⑰ **SUBTITLE**
- Субтитрдің тілін таңдау.
- ⑱ **DIM**
- Дисплей экранының жарықтық деңгейін таңдау.
- ⑲ **VOL +/-**
- Дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑳ ✻
- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
- ㉑ **MODE**
- Қайталап/аралас ойнату режимдерін таңдау.
- ㉒ **DISC/MENU**
- Диск мәзірін ашу немесе жабу.
- ㉓ **OK**
- Таңдауды растау.
- ㉔ **▲ SLOW/ ▼ ZOOM**
- Мәзірлер үшін: жоғары/төмен шарлау.
 - Радио станцияға ауысу.
 - Суретті кері аудару.
 - (**▲ SLOW**) Бейне үшін: баяу ойнату режимін таңдау.
 - (**▼ ZOOM**) Бейне үшін: (басу) баяу алға режимін таңдау; (басып тұру) үлкейту/кішірейту.
- ㉕ **TIMER/SLEEP**
- Оятар таймерін орнатыңыз.
 - Ұйқы таймерін орнатыңыз.

3 Қосу

Құрылғыны орналастыру



- 1 Құрылғыны ТД жанына орналастырыңыз.
- 2 Сол және оң динамиктерді ТД-дан бірдей қашықтықта және тыңдау орнынан шамамен 45 градус бұрышпен орналастырыңыз.

Ескертпе


- Магниттік кедергілерді немесе қажетсіз шуды болдырмау үшін, осы құрылғыны және динамиктерді ешқашан қандай да бір радиация құрылғыларының жанына тым жақын қоймаңыз.
- Осы құрылғыны үстелдің жоғарғы жағына қойыңыз немесе қабырғаға орнатыңыз.
- Бұл құрылғыны ешқашан жабық шкаф ішіне қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны АТ ашасына оңай жетуге болатын АТ розеткасының жанына қойыңыз.

Динамиктерді қосу

Ескертпе

- Оңтайлы дыбыс үшін тек берілген динамиктерді пайдаланыңыз.
- Номиналдық қарсылығы берілген динамиктермен бірдей немесе одан жоғары динамиктерді ғана қосыңыз. Осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз.


Динамик ашаларын құрылғы артындағы **SPEAKER OUT (L және R)** ұяларына салыңыз.



Дыбыстық кабельдерді жалғау

Дыбыс кабелін (қызыл/ақ - жинаққа кірмейді) мынаған жалғаңыз:

- құрылғы артындағы **AUDIO OUT (L және R)** ұялары.
- дыбыстық құрылғыдағы дыбыс кірісі ұялары.



Бейне кабельдерді жалғау


Теледидарыңыз қолдайтын ең жақсы бейне қосылымын таңдауға болады.

- **1-әдіс:** композиттік бейне (CVBS) кабелі арқылы қосу (стандартты ТД үшін).
- **2-әдіс:** компоненттік бейне кабельдері арқылы қосу (стандартты ТД немесе прогрессивті жаймасы бар ТД үшін).

1-әдіс: композиттік бейне кабелі арқылы қосу

Композиттік бейне кабельді (жинақта берілген) мынаған жалғаңыз:

- құралдың артқы жағындағы **VIDEO** розеткасына және
- ТД-дағы бейне кірісі ұясы.



2-әдіс: компоненттік бейне кабельдері арқылы қосу




Ескертпе

- Прогрессивті жайма бейне сапасы прогрессивті жаймасы бар ТД қосылғанда ғана қолжетімді болады.
- Егер ТД прогрессивті жайманы қолдамаса, суретті қарай алмайсыз.
- Теледидарда прогрессивті жайманы қосу туралы мәлімет алу үшін, теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Жоғары сапалы бейне үшін, прогрессивті жайма теледидарын компоненттік бейне арқылы қосыңыз.

Компоненттік бейне кабельдерін (қызыл/көк/жасыл — жинаққа кірмейді) келесіге жалғаңыз:

- құрылғының артындағы компоненттік (Pb/Cb, Pr/Cr, және Y) ұялар.
- теледидардағы компоненттік кіріс ұялары.



Сыртқы дыбыстық құрылғыны жалғау (қосымша)

Сондай-ақ, осы құрылғы арқылы сыртқы аудио құрылғыны тыңдауға болады.

- **1-нұсқа:** AUX-IN ұялары арқылы жалғау
- **2-нұсқа:** MP3-LINK ұясы арқылы жалғау

1-нұсқа: AUX IN ұялары арқылы жалғау


Дыбыс кабельдерін (жинаққа кірмейтін қызыл/ақ) келесіге жалғаңыз:

- құрылғының артындағы **AUX-IN (L және R)** ұялары.
- сыртқы дыбыс құрылғысындағы дыбыс шығысы ұялары.

2-нұсқа: MP3-LINK ұясы арқылы жалғау

MP3 байланыс кабелін келесіге қосыңыз:

- құрылғының алдындағы **MP3-LINK** ұясы.
- сыртқы дыбыстық құрылғыдағы құлақсаппа ұясы.




FM антеннасын жалғау



Кеңес

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.
- Жақсырақ FM стерео қабылдау үшін сыртқы FM антеннасын **FM ANTENNA** ұясына жалғаңыз.
- Құрылғы MW радио қабылдауды қолдамайды.

Жинақтағы FM антеннасын құрылғы артындағы **FM ANTENNA** ұясына жалғаңыз.



Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Айнымалы ток сымын жалғарда, барлық басқа байланыстар орнатылғанына көз жеткізіп алыңыз.

4 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Модель нөмірі және сериялық нөмір құрылғының артқы жағында орналасқан. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз: Үлгі нөмірі _____
Сериялық нөмір _____

Қашықтан басқару құралын дайындау




Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын салу үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашыңыз.
- 2 2 AAA батареясын (жинаққа кірмейді) көрсетілгендей дұрыс полярлықпен (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды шығарып қойыңыз.
- Ескі және жаңа батареяларды немесе басқа түрдегі батареяларды бірге салмаңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Қосы

⏻ түймесін басыңыз.

➡ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне немесе қуат үнемдеудегі күту режиміне ауысу.

Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін ⏻ түймесін басыңыз.

➡ Сағат (қойылса) дисплейге шығады.

ECO күту режиміне ауысу:

⏻ / түймесін үш секундтан артық басып тұрыңыз.

➡ Дисплей панеліндегі артқы жарық өшеді.

↪ Қызыл Eco Power индикаторы қосылады.

Күту режимі мен қуат үнемдеу режимі арасында ауысу:

⏻ / түймесін үш секундтан артық басып тұрыңыз.

Ескертпе

- Құрылғы күту режиміндегі 15 минуттан кейін қуат үнемдеу режиміне ауысады.

Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде сағат орнату режимін іске қосу үшін **CLOCK/DISPLAY** түймесін үш секунд басып тұрыңыз.
↪ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 2 Сағатты орнату үшін ◀/▶ түймесін басыңыз, содан кейін **CLOCK/DISPLAY** түймесін қайтадан басыңыз.
↪ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 3 Минутты орнату үшін 2-қадамды қайталаңыз.

Дисплейдің жарықтығын реттеу

Күту режимінде басқа жарықтық деңгейлерін таңдау үшін **DIM** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Дұрыс көру арнасын іздеу

- 1 Диск режиміне ауысу үшін **DISC** түймесін басыңыз.

- 2 ТД қосыңыз және дұрыс бейне кірісі арнасына келесі жолдардың біреуімен ауысыңыз:
 - Теледидардағы ең төмен арнаға өтіңіз, одан кейін көк экранды көргенше, **Channel Down** (Бір арна төмен) түймесін басыңыз.
 - ТД-дың қашықтан басқару құралындағы көз түймесін қайталап басыңыз.

Кеңес

- Бейне кірісі арнасы ең төмен және ең жоғары арналар арасында болады және **FRONT, AV IN, VIDEO**, т.б. деп аталуы мүмкін. ТД-да дұрыс кірісті таңдау жолы туралы мәліметтерді ТД пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Дұрыс ТД жүйесін таңдау

Бейне дұрыс көрсетілмесе, осы параметрді өзгертіңіз. Әдепкі мәні бойынша бұл параметр сіздің елдегі ТД-лар үшін ең жиі қолданылатын параметрге сәйкес болады.

- 1 **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.
- 2 **[Video Setup]** (Бейне параметрлерін орнату) тармағын таңдаңыз.
- 3 **[TV System]** (ТД жүйесі), содан кейін ►► тармағын таңдаңыз.
- 4 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
 - **[NTSC]** (NTSC): NTSC түс жүйесі бар ТД үшін.
 - **[PAL]** (PAL): PAL түс жүйесі бар ТД үшін.
 - **[Multi]** (Multi): PAL және NTSC екеуімен де үйлесімді ТД үшін.
- 5 Алдыңғы мәзірге оралу үшін **RETURN/ TITLE** түймесін басыңыз.
- 6 Мәзірден шығу үшін **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.

Жүйелік мәзірдің тілін өзгерту

- 1 **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.
- 2 **[General Setup]** (Жалпы параметрлерді орнату) тармағын таңдаңыз.
- 3 **[OSD Language]** (OSD тілі) тармағын таңдаңыз да, **▶▶** түймесін басыңыз.
- 4 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Мәзірден шығу үшін **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.

Прогрессивті жайманы қосу

Прогрессивті жайма секірмелі жаймаға (қарапайым ТД жүйесі) қарағанда секундына екі есе көп кадрларды көрсетеді. Сызықтардың шамамен екі еселенген санымен прогрессивті жайма жоғары сурет ажыратымдылығы мен сапасын ұсынады. Осы мүмкіндікті қосудан бұрын, келесіні тексеріңіз:

- ТД прогрессивті жайма сигналдарын қолдайтынын;
- құрылғыны теледидармен компоненттік бейне арқылы қосқаныңызды.

- 1 Теледидарды қосыңыз.
- 2 Теледидардың прогрессивті жайма режимі ажыратылғанын тексеріңіз (теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 3 Теледидарды осы құрылғы үшін дұрыс көру арнасына қосыңыз.
- 4 **DISC**, одан кейін **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.
- 5 **▲ / ▼** түймесін басып мәзірде **[Video Setup]** (Бейне параметрлерін орнату) тармағын таңдаңыз да, **▶▶** түймесін басыңыз.

- 6 **[P-Scan]** (P-Scan) тармағын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
 ↳ Прогрессивті жайманы реттеу аяқталды.

5 Ойнату



Ескерту

- Құрылғы зақымдалуы мүмкін! Ойнату кезінде құрылғыны жылжытушы болмаңыз.

Диск ойнату



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Диск тұрақтандырғыш сақиналар немесе дискіні өңдеу парақтары сияқты қосалқы құралдардың көмегімен ешқашан дискілерді ойнатпаңыз.
- Диск бөліміне ешқашан дискілерден басқа ешбір заттарды салмаңыз.

- 1 DISC көзін таңдау үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 Дисксалғышты ашу үшін құрылғының жоғарғы жағындағы **▲** түймесін басыңыз.
- 3 Дискіні басылған бетін жоғары қаратып салыңыз.
- 4 Диск бөлімін жабу үшін **▲** түймесін басыңыз.
 - ↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.
 - Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы/келесі тақырыпқа/тарауға/трекке өту үшін **◀/▶** түймесін басыңыз.

Егер ойнату автоматты түрде басталмаса:
Атауды/бөлімді/жолды таңдап, **▶||** түймесін басыңыз.



Кеңес

- Құлыпталған DVD дискісін ойнату үшін, 6 сандық ата-аналық бақылау құпия сөзін енгізіңіз.

Диск мәзірін пайдалану

DVD/(S)VCD дискісін салғанда, TД экранында мәзір көрінуі мүмкін. Мәзірді қолмен ашу немесе одан шығу үшін **DISC/MENU** түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару (PBC) мүмкіндігі бар VCD үшін (2.0 нұсқасы ғана):

PBC мүмкіндігі VCD дискісін мәзір экранына сәйкес интерактивті түрде ойнатуға мүмкіндік береді.

Ойнату кезінде ойнатуды басқаруды қосу/өшіру үшін **PBC** түймесін басыңыз.

- ↳ Ойнатуды басқару (PBC) мүмкіндігі қосұлы кезінде, мәзір экраны көрсетіледі.
- ↳ PBC (ойнатуды бақылау) мүмкіндігі ажыратылып тұрғанда қалыпты ойнату жалғасады.

Дыбыс тілін таңдау

Дискіні ойнату кезінде, DVD немесе DivX (Ultra) бейнесінің дыбыс тілін таңдау үшін **AUDIO** түймесін басыңыз.

- ↳ Тіл параметрлері көрсетіледі. Таңдалған дыбыс арналары қол жетімді емес болса, әдепкі дискінің дыбыс арнасы пайдаланылады.



Ескертпе

- Кейбір DVD дискілері үшін тілді тек диск мәзірінен өзгертуге болады. Мәзірді ашу үшін **DISC/MENU** түймесін басыңыз.

Субтитрдің тілін таңдау

Ойнату кезінде DVD немесе DivX (Ultra) бейнесінің субтитр тілін таңдау үшін **SUBTITLE** түймесін қайта-қайта басыңыз.



Ескертпе

- Кейбір DVD дискілері үшін тілді тек диск мәзірінен өзгертуге болады. Мәзірді ашу үшін **DISC/MENU** түймесін басыңыз.

USB немесе жазылған дискілерден ойнату

CD-R/RW, жазылатын DVD немесе USB жад құрылғысына көшірілген DivX (Ultra)/MP3/WMA/JPEG сурет файлдарын ойнатуға болады.

- 1 Көзді таңдаңыз.
 - USB жад құрылғысы үшін **USB** түймесін басыңыз.
 - Диск үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 USB жад құрылғысын немесе дискіні салыңыз.
 - ↳ Ойнату автоматты түрде басталады.

Көрсетілген файлды ойнатуға таңдау үшін

- 1 Ойнатуды тоқтату үшін, **■** түймесін басыңыз.
- 2 Қалтаны таңдау үшін, **▲ / ▼** түймесін басыңыз, одан кейін растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін **RETURN/TITLE** түймесін басыңыз.
- 3 Қалтадан файлды таңдау үшін, **▲ / ▼** түймесін басыңыз.
- 4 Ойнатуды бастау үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы/келесі файлға өту үшін **◀ / ▶** түймесін басыңыз.
 - DivX (Ultra) бейнесін ойнату кезінде субтитр тілін өзгерту үшін **SUBTITLE** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Тек осы құрылғының DivX тіркеу коды арқылы жалданған немесе сатып алынған DivX (Ultra) бейнелерін ойната аласыз.
- Келесі файл атауының кеңейтімдері (.srt, .smi, .sub, .ssa, .ass) бар субтитр файлдарына қолдау көрсетіледі, бірақ олар файлдарды шарлау мәзірінде көрсетілмейді.
- Субтитр файлының атауы бейне файлының атауымен бірдей болуы керек.

Фондық музыкасы бар слайд көрсетілімін ойнату

Бұл құрылғы бір уақытта MP3/WMA файлдарын және JPEG фотосуреттерін ойната алады.



Ескертпе

- MP3/WMA және JPEG файлдары бірдей дискіде немесе USB жад құрылғысында сақталған болуы керек.

- 1 MP3/WMA файлын ойнату.
- 2 Фотосурет қалтасына/альбомына өтіп, слайд көрсетілімін бастау үшін, **▶||** түймесін басыңыз.
 - ↳ Слайд көрсетілімі басталады және фотосуреттер қалтасының немесе альбомының соңына дейін жалғасады.
 - ↳ Дыбыс соңғы файлдың соңына дейін жалғасады.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін **RETURN/TITLE** түймесін басыңыз.
 - Слайд көрсетілімін тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару

Қайталау/еркін ойнату опцияларын таңдау

Ойнату барысында ойнату параметрін таңдау үшін **MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- Қалыпты ойнатуды қалпына келтіру үшін ешқандай опция көрсетілмейінше **MODE** түймесін қайталап басыңыз.

Алға/артқа іздеу

Бейнені/дыбысты ойнату кезінде іздеу жылдамдығын таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін қайталап басыңыз.

- Қалыпты жылдамдықта ойнатуды жалғастыру үшін **▶▶** түймесін басыңыз.

Уақыт немесе тақырып/тарау/трек нөмірі бойынша іздеу

- Бейнені/дыбысты ойнату кезінде **GOTO** түймесін басыңыз.
- Қажетті уақытты немесе санды енгізіңіз.
 - Уақыт өрісіне сағат, минут және секунд ретімен ойнату орнын енгізіңіз.
 - Тақырып/тарау/трек өрісі үшін тақырып/тарау/трек нөмірін енгізіңіз.

➞ Ойнату таңдалған нүктеден автоматты түрде басталады.

Бейнені ойнатуды соңғы тоқтатылған нүктеден жалғастыру



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек DVD/VCD ойнату үшін қол жетімді.

Ойнату режимінде және диск алынбаған болса, **▶▶** түймесін басыңыз.

Жалғастыру режимін болдырмау және ойнатуды толығымен тоқтату үшін: Тоқтату режимінде **■** түймесін басыңыз.

Ойнату опциялары

RDS ақпаратын көрсету

- Тюнер режимінде сағатты көрсету үшін **CLOCK/DISPLAY** түймесін басыңыз. RDS ақпаратын көрсету үшін қайтадан басыңыз.
- Жұмыс режимінде сағатты көрсету үшін **CLOCK/DISPLAY** түймесін басыңыз.

Кескінді үлкейту/кішірейту

Бейнені ойнату кезінде кескінді үлкейту/кішірейту үшін **▼ ZOOM** түймесін басып тұрыңыз.

- Кескін үлкейтілгенде кескінді панорама түрінде көру үшін **▼ ZOOM** түймесін басуға болады.

Баяу ойнату

Ойнату кезінде баяу артқа/алға жылдамдығын таңдау үшін **▲ SLOW** түймесін басыңыз.

➞ Дыбыс өшіріледі.

- Қалыпты жылдамдықта ойнатуды жалғастыру үшін **▶▶** түймесін басыңыз.

Камера бұрышын өзгерту

Кейбір DVD дискілерінде түрлі камера ракустарынан жазылған сценарийлер секілді баламалы сценарийлер бар. Мұндай DVD дискілері үшін қолжетімді баламалы сценарийлерден таңдауға болады. Ойнату кезінде камера бұрыштары арасында ауысу үшін **ANGLE/PROG** түймесін қайта-қайта басыңыз.

Дыбыс арнасын өзгерту



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек VCD дискілері және DivX (Ultra) бейнелері үшін қол жетімді.

Ойнату кезінде дискіде қол жетімді дыбыс арнасын таңдау үшін **AUDIO** түймесін қайталап басыңыз:

- **[Mono Left]** (моно сол жақ)
- **[Mono Right]** (моно оң жақ)
- **[Mix-Mono]** (аралас моно)
- **[Stereo]** (стерео)

Суретті көру параметрлері

Суретті бұру

Ойнату кезінде суретті сағат тіліне қарсы/сағат тілімен бұру үшін ◀ / ▶ түймесін басыңыз.

6 iPod/iPhone/iPad құрылғысын ойнату

iPod/iPhone/iPad осы Micro жүйесіне қойылған кезде динамиктерден музыканы тыңдай аласыз.

Ескертпе

- Бұл жағдайда құлақсаппа ұясынан дыбыс шықпайды.


Үйлесімді iPod/iPhone/iPad

Құрылғы келесі iPod/iPhone/iPad үлгілерін қолдайды.

Мыналар үшін жасалған

- iPod 5G
- iPod 4G
- Шағын iPod
- iPod touch (1, 2, 3 және 4-буын)
- Классикалық iPod
- iPod nano (1, 2, 3,4,5 және 6-буын)
- iPhone 4
- iPhone 3GS
- iPhone 3G
- iPhone
- iPad

iPod/iPhone/iPad құрылғысын салу



- 1 Жоғарғы тақтада сыртылдаған дыбыс естілгенше iPod/iPhone/iPad қондырмасын көтеріңіз.
- 2 iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмаға қойыңыз.

iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

Құрылғы қуат көзіне қосылғанда, қондырмаға қойылған iPod/iPhone/iPad автоматты түрде зарядтала бастайды.

Ескертпе

- Түрлі түсті дисплейі бар iPod, iPod classic және бейне режимі бар iPod қондырмада зарядтаумен үйлесімді емес.

iPod/iPhone/iPad тыңдау

- 1 iPod/iPhone/iPad дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
- 2 iPod/iPhone/iPad көзін таңдау үшін **DOCK** түймесін басыңыз.
- 3 Дыбысты iPod/iPhone/iPad құрылғысында ойнатыңыз.
 - Ойнатуды уақытша тоқтату/ жалғастыру үшін ►|| түймесін басыңыз.
 - Трекке өту үшін ◀/▶ түймесін басыңыз.
 - Трек таңдау үшін ▲/▼ түймесін басып, элементті таңдаңыз да, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

iPod/iPhone/iPad құрылғысын алу

- 1 iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмадан тартып шығарыңыз.
- 2 Қондырманы жасыру үшін төмен басыңыз.

7 Радио тыңдау



Кеңес

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

Радио станцияға реттеу

- 1 FM түймесін басыңыз.
- 2 ▲ / ▼ түймесін үш секунд бойы басып тұрыңыз.
 - ↳ [SEARCH] (іздеу) көрсетіледі.
 - ↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
 - Әлсіз стансаны баптау үшін оңтайлы қабылдау сигналы табылғанша ▲ / ▼ түймесін қайталап басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған радио станцияны бағдарламаға енгізуге болады.

Тюнер режимінде автоматты бағдарламалау режимін іске қосу үшін **ANGLE/PROG** түймесін үш секунд басып тұрыңыз.

↳ [AUTO SCAN] (автоматты іздеу) жазуы аз уақыт көрсетіледі.

- ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
- ↳ Бірінші бағдарламаланған радиостанса автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау



Ескертпе

- Ең көбі 20 алдын ала орнатылған радио станцияны бағдарламаға енгізуге болады.

- 1 Радиостансаны реттеу.
- 2 Бағдарламаға енгізуді іске қосу үшін **ANGLE/PROG** түймесін басыңыз.
- 3 Осы радио стансаға 1-20 арасынан нөмір беру үшін ◀ / ▶ түймесін басыңыз, содан кейін растау үшін **ANGLE/PROG** түймесін басыңыз.
 - ↳ Алдын ала орнатылған нөмір мен радио станция жиілігі көрсетіледі.
- 4 Қосымша стансаларды бағдарламалау үшін алдыңғы қадамдарды қайталаңыз.



Ескертпе

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін, оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Сақтаулы радиостансаны реттеу

Алдын ала орнатылған нөмірді таңдау үшін тюнер режимінде ◀ / ▶ түймесін басыңыз.

- Сондай-ақ, сақтаулы нөмірді тікелей таңдау үшін сандық түймелерді басуға болады.

8 Дыбысты реттеу

Дыбысты өшіру

Ойнату кезінде дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру үшін **✖** түймесін басыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Дыбыс әсерін таңдау



Ескертпе

- Бір уақытта әр түрлі дыбыс әсерлерін пайдалану мүмкін емес.

Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау

Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін **DSC** түймесін қайталап басыңыз:

- **[Classic]** (классикалық)
- **[Jazz]** (джаз)
- **[Pop]** (поп)
- **[Rock]** (рок)

Бассты жақсарту

Ең жақсы **DBB** (Динамикалық басс күшейту) параметрі әр **DSC** опциясы үшін автоматты түрде жасалады. Тыңдау ортасына ең қолайлы **DBB** параметрін қолмен таңдауға болады.

Ойнату кезінде **DBB** мүмкіндігін қосу/өшіру үшін **DBB** түймесін қайта-қайта басыңыз.

- **[DBB]**: **DBB** мүмкіндігі қосылады.

9 Параметрлерді реттеу

- 1 **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.
- 2 Реттеу бетін таңдаңыз.
- 3 Опцияны таңдап, ►► түймесін басыңыз.
- 4 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін **RETURN/TITLE** түймесін басыңыз.
 - Мәзірден шығу үшін **SYSTEM/MENU** түймесін басыңыз.

Жалпы реттеу

[General Setup] (Жалпы параметрлерді орнату) бетінде келесі опцияларды орнатуға болады:

[OSD Language] (OSD тілі): экрандық дисплейге қажетті тілді таңдау.

[DivX(R) VOD Code] (DivX(R) VOD коды): DivX(R) тіркеу кодын көрсету.



Ескертпе

- Осы DivX тіркеу кодын www.divx.com/vod бетінен бейнені жалға алғанда немесе сатып алғанда енгізіңіз. DivX® VOD (Video On Demand) қызметі арқылы жалданған немесе сатып алынған DivX бейнелерін тек тіркелген құрылғыда ойнатуға болады.

[DivX Deactivation] (DivX өшіру): ағымдағы пайдаланушының авторизациясын өшіру.

Дыбысты реттеу

[Audio Setup] (Дыбыс параметрлерін орнату) бетінде келесі опцияларды орнатуға болады:

- [Digital Output]** (Сандық шығыс): жалғанған құрылғы қолдайтын дыбыс пішімдерін таңдау.
- **[Off]** (Өшіру): сандық шығысты өшіру.

- **[PCM]** (PCM): жалғанған құрылғы көп арналы дыбысты кодсыздандыра алмаса, осы опцияны таңдаңыз.
- **[All]** (Барлығы): егер жалғанған құрылғы көп арналы дыбыс пішімдерін қолдаса, осы опцияны таңдаңыз.

[Night Mode] (Түнгі режим): DVD

фильмдерін басқаларды мазаламай төмен дыбыс деңгейімен көру үшін қатты дыбыс деңгейін жұмсағырақ және жұмсақ дыбыс деңгейін қаттырақ етіңіз.

- **[On]** (Қосу): түнде тыныш көру (тек DVD дискілері).
- **[Off]** (Өшіру): көлемді дыбысты толық динамикалық ауқыммен тыңдау.

Бейнені реттеу

[Video Setup] (Бейне параметрлерін орнату) бетінде келесі опцияларды орнатуға болады:

[TV System] (ТД жүйесі): бейне дұрыс көрсетілмесе, осы параметрді өзгертіңіз. Әдепкі мәні бойынша бұл параметр сіздің елдегі ТД-лар үшін ең жиі қолданылатын параметрге сәйкес болады.

- **[NTSC]** (NTSC): NTSC түс жүйесі бар ТД үшін.
- **[PAL]** (PAL): PAL түс жүйесі бар ТД үшін.
- **[Multi]** (Multi): PAL және NTSC екеуімен де үйлесімді ТД үшін.

[TV Display] (ТД дисплейі): ТД пішімі жалғанған ТД түріне сай дисплейдің кадр пішімін анықтайды.



4:3 Pan Scan (PS)



4:3 Letter Box (LB)



16:9 (Wide Screen)

- **[4:3 Pan Scan]** (4:3 Pan Scan): кесілген шеттері бар биіктігі толық дисплей.
- **[4:3 Letter Box]** (4:3 Letter Box): жоғарғы және төменгі жағында қара жолақтары бар кең экран.
- **[16:9]** (16:9 Wide Screen): 16:9 кадр пішімі.

[Picture Setting] (Сурет параметрлері): сурет түсі параметрлерінің алдын ала анықталған жиынын таңдаңыз.

- **[Standard]** (Стандартты): бастапқы түс параметрі.
- **[Vivid]** (Жарқын): жарқын түс параметрі.
- **[Cool]** (Суық): жұмсақ түс параметрі.
- **[Personal]** (Жеке): түс параметрін реттейді. Жарықтық, контраст, анықтық/реңк және түс қанықтығы деңгейін орнатыңыз да, **OK** түймесін басыңыз.

[Component Video] (Компоненттік бейне): бейне шығысын бейне қосылымына сәйкес орнату. Егер компоненттік қосылым қолданылса, осы параметр қажет болмайды.

- **[S-Video]** (S-Video): егер S-Video қосылымы пайдаланылса, осы опцияны таңдаңыз.
- **[Interlaced]** (Кезектескен): кәдімгі ТД үшін кезектескен режимді қосыңыз.
- **[P-Scan]** (P-Scan): прогрессивтік жаймасы бар ТД үшін прогрессивтік жайма режимін қосу.

Артықшылық

[Preference] (Артықшылық) бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[Audio] (Дыбыс): дискіні ойнату үшін таңдаулы дыбыс тілін таңдау.

[Subtitle] (Субтитр): дискіні ойнату үшін таңдаулы субтитр тілін таңдау.

[Disc Menu] (Диск мәзірі): дискіні ойнату үшін таңдаулы субтитр тілін таңдау.



Ескертпе

- Егер орнатқан тіл дискіде қол жетімді емес болса, диск өзінің әдепкі тілін пайдаланады.
- Кейбір DVD дискілері үшін субтитр/дыбыс тілін тек диск мәзірінен өзгертуге болады.

[DivX Subtitle] (DivX субтитрі): DivX субтитрін қолдайтын таңбалар жиынын таңдау.



Ескертпе

- Субтитр файлының атауы фильм файлының атауымен бірдей екенін тексеріңіз. Мысалы, фильмінің файл атауы «Movie.avi» болса, онда мәтіндік файлды «Movie.sub» немесе «Movie.srt» деп атау керек.

[Parental Control] (Ата-аналық бақылау): балалар үшін жарамсыз дискілерге қатынасты шектеңіз. Мұндай диск түрлерін дәрежелермен жазу керек.

- 1) **OK** түймесін басыңыз.
- 2) Дәреже деңгейін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 3) Сандық пернелерді басып, құпия сөзді енгізіңіз.



Ескертпе

- Сіз **[Parental Control]** (Ата-аналық бақылау) ішінде орнатқан жоғары баға белгіленген дискілерді ойнату үшін құпия сөз қажет.
- Бағалар елге байланысты. Барлық дискілерді ойнатуға рұқсат ету үшін, **[8 Adult]** (8 Ересек) дәрежесін таңдаңыз.
- Кейбір дискілерде дәрежелер басылған, бірақ дәрежелермен жазылмайды. Бұл функция мұндай дискілерге әсер етпейді.

[Password] (Құпиясөз): бұл параметр ата-аналық бақылау үшін құпиясөзді өзгертуге мүмкіндік береді. Әдепкі құпия сөз — 0000.

- 1) **[Old Password]** (Ескі құпиясөз) өрісіне «0000» санын немесе соңғы орнатқан құпиясөзді енгізу үшін сандық пернелерді басыңыз.
- 2) Жаңа құпия сөзді **[New Password]** (Жаңа құпия сөз) өрісіне енгізіңіз.
- 3) Жаңа құпиясөзді **[Confirm PWD]** (Құпиясөзді растау) өрісіне қайтадан енгізіңіз.
- 4) Мәзірден шығу үшін **OK** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Құпиясөзді ұмытып қалсаңыз, жаңа құпиясөзді орнату алдында «0000» санын енгізіңіз.

[Version Info] (Нұсқа туралы ақпарат): осы құрылғының бағдарламалық құрал нұсқасын көрсету.

[Default] (Әдепкі): құпиясөз және ата-ана параметрлерін қоспағанда, барлық параметрлердің зауыттық әдепкі мәндерін қалпына келтіру.

10 Басқа мүмкіндіктер

Демонстрация режимін іске қосу

Барлық мүмкіндіктерге шолуды көре аласыз. Сағат дисплейі (орнатылған болса) бар күту режимінде демонстрация режимін іске қосу үшін **■** түймесін басыңыз.

↳ Негізгі қол жетімді мүмкіндіктердің демонстрациясы басталады.

Демонстрация режимін өшіру үшін:

Негізгі құрылғыдағы **■** түймесін қайтадан басыңыз.

Оятқыш таймерін орнату

Бұл құрылғыны оятар етіп пайдалануға болады. DISC, FM, iPod/iPhone/iPad немесе USB ресурсын дабыл көзі ретінде таңдауға болады.



Ескертпе

- Сағаттың дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

- 1 Күту режимінде **[SET TIMER]** (таймер орнату) дисплейге шыққанша **TIMER/SLEEP** түймесін басып тұрыңыз.
- 2 Көз пернесін басып, көзді (**DISC, FM, iPod/iPhone/iPad** немесе **USB**) таңдаңыз да, растау үшін **TIMER/SLEEP** түймесін басыңыз.
↳ Сағат сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.

- 3 Сағатты орнату үшін **◀ / ▶** түймесін қайталап басыңыз, содан кейін **TIMER/SLEEP** түймесін қайтадан басыңыз.
↳ Минут сандары көрсетіліп, жыпылықтай бастайды.
- 4 Минутты орнату үшін 4-қадамды қайталаңыз.
- 5 Дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз, содан кейін растау үшін **TIMER/SLEEP** түймесін басыңыз.
↳ Сағат белгішесі көрсетіледі.

Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату

Күту режимінде **TIMER/SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

↳ Егер таймер іске қосылса, **⌚** көрсетіледі.

↳ Таймер өшірілсе, **⌚** дисплейден өшеді.



Кеңес

- Дабыл таймері көз **«MP3 LINK»** немесе **«AUX-IN»** деп орнатылған кезде қол жетімді емес.
- Егер DISC/USB/iPod/iPhone/iPad көзі таңдалып, бірақ диск салынбаған болса немесе USB/iPod/iPhone/iPad жалғанбаған болса, жүйе FM режиміне автоматты түрде ауысады.

Оятқыш таймерін іске қосу/ажырату

Күту режимінде **TIMER/SLEEP** түймесін қайта-қайта басыңыз.

↳ Егер таймер іске қосылса, **⌚** көрсетіледі.

↳ Егер таймер қосылса, **⌚** кетеді.



Кеңес

- Дабыл таймері көз **«MP3 LINK»** немесе **«AUX-IN»** деп орнатылған кезде қол жетімді емес.
- Егер DISC/USB/iPod/iPhone/iPad көзі таңдалып, бірақ диск салынбаған болса немесе USB/iPod/iPhone/iPad жалғанбаған болса, жүйе FM режиміне автоматты түрде ауысады.

Ұйқы таймерін орнату

Бұл құрылғы орнатылған кезеңнен кейін күту режиміне автоматты түрде ауыса алады. Құрылғы қосулы кезде алдын ала орнатылған кезеңді (минутпен) таңдау үшін **TIMER/SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.

↳ Ұйқы таймері іске қосылғанда, **zz** дисплейге шығады.

Ұйқы таймерін өшіру үшін:

[**TIMER OFF**] (таймер өшірулі) жазуы көрсетілгенше **TIMER/SLEEP** түймесін қайталап басыңыз.

↳ Ұйқы таймері өшкенде **zz** көрсетіледі.

Дыбыстық құрылғыны таңдау

Осы құрылғы арқылы дыбыстық құрылғыны тыңдауға болады.

- 1 Осы құрылғыға сыртқы дыбыстық құрылғы жалғанғанын тексеріңіз («Connect» (Жалғау) > «Connect an external audio device» (Сыртқы дыбыстық құрылғыны жалғау) тармағын қараңыз).
- 2 **MP3-LINK** ұясы немесе **AUX-IN (L және R)** ұялары арқылы дыбыс кірісін таңдау үшін **MP3 LINK/AUX-IN** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 3 Құрылғыны ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Құлақаспап арқылы тыңдау

Құлақаспапты  ұясына салыңыз.



Ескертпе

- Қондырмаға қойылған iPod/iPhone/iPad құрылғысын тыңдаған кезде құлақаспап ұясынан дыбыс шықпайды. Оның орнына динамиктер арқылы тыңдаңыз.

11 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 x 60 Вт RMS
Жиілік жауабы	80 Гц - 16 000 Гц, ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 65 дБ
Қосымша кіріс	2 В RMS 20 кОм

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Бейнені кодсыздандыру	MPEG-1 / MPEG-2 / DivX
Бейне DAC	12 бит
Сигналдар жүйесі	PAL / NTSC
Бейне пішімі	4:3 / 16:9
Бейне С/Ш	> 48 дБ
Дыбыс DAC	24 Бит / 96 кГц
Гармоникалық мазмұн	< 0,8% (1 кГц)
Жиілік жауабы	4 Гц - 20 кГц (44,1 кГц) 4 Гц - 22 кГц (48 кГц) 4 Гц - 24 кГц (96 кГц)
С/Ш қатынасы	> 65 дБА

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	64 - 108 МГц
Реттеу торы	50 кГц
Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
Сезімталдық - стерео, 46 дБ С/Ш қатынасы	<43 дБф
Іздеуді таңдау мүмкіндігі	>28 дБф
Гармоникалық мазмұн	<2%
Сигнал-шу арақатынасы	>55 дБ

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	4 Ом
Үндеткіш драйвері	3,5" сабвуфер X 2 + 1" твитер
Сезімталдық	> 80 дБ/м/Вт $\pm$ 4 дБ/м/Вт

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	220-240 В~; 50/60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	60 Вт
Қуат үнемдеу режимінде қуат тұтынуы	< 0,5 Вт
Композиттік бейне шығысы	1.0 Vp-p, 75 Ом
Құлақаспаптың шығысы	2 X 8 мВ, 32 Ом
USB Direct	2.0 нұсқасы

Мөлшері

- Негізгі құрылғы

(Е x Б x К) 239 x 141,5 x 230 мм

- Динамик қорабы

(Е x Б x К) 142 x 307 x 230 мм

Салмағы

- Негізгі құрылғы 2,1 кг

- Динамик қорабы 2 x 2,55 кг

Қолданылатын дискі пішімдері

- Сандық бейне дискілері (DVD)
- Video CD (VCD)
- SuperVideo CD (SVCD)
- Қайта жазылатын сандық бейне дискілер (DVD+RW)
- Ықшам дискілер (CD)
- CDR(W) пішіміндегі Супет (Kodak, JPEG) файлдары
- CD-R(W) пішіміндегі DivX(R) дискі:
- DivX 3.11, 4.x және 5.x
- WMA

Қолданылатын MP3-CD пішімдері:

- ISO 9660
- Ең жоғарғы жазба/альбом атауы: 12 таңба
- Ең жоғарғы тақырып саны және альбом: 300.
- Минимум кірістірілген каталог: 6 деңгей.
- Ең жоғарғы альбом саны: 32.
- Ең жоғарғы MP3 тректерінің саны: 2000.
- MP3 дискілеріне қолданылатын үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44.1 кГц, 48 кГц.
- MP3 дискісіне қолданылатын бит жылдамдығы: 32, 64, 96, 128, 192, 256 (кбит/с).

Қолдау көрсетілмейтін диск пішімдері:

- *.VMA, *.AAC, *.DLF, *.M3U, *.PLS, *.WAV секілді файлдар
- Ағылшынша емес альбом/жазба атауы
- Joliet пішімінде жазылған дискілер
- MP3 Pro және ID3 тэгі бар MP3

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB1.1)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралы қажет)

Қолданылатын USB пішімдері:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- 6 деңгейге дейін кірістіру бар каталог
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 300
- Тректер/тақырыптар саны: ең көбі 2000
- ID3 тэгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 пішіміндегі файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын USB пішімдері:

- Бос альбомдар: бос альбом - құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

12 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіккеніз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының АТ сымы дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде жолды ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

Сурет жоқ

- Бейне қосылымын тексеріңіз.
- ТД дұрыс бейне кірісі арнасына қосыңыз.
- Прогрессивті жайма қосылған, бірақ ТД прогрессивті жайманы қолдамайды.

Қара және ақ немесе бұрмаланған сурет

- Диск ТД түс жүйесінің стандартына (PAL/NTSC) сәйкес емес.
- Кейде аз сурет бұрмалануы пайда болуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Дискіні тазартыңыз.
- Бұрмаланған сурет прогрессивті жайманы реттеу кезінде пайда болуы мүмкін.

ТД экранының кадр пішімін тіпті ТД дисплей пішімін орнатқан болсаңыз да өзгерту мүмкін емес.

- Кадр пішімі жүктелген DVD дискісінде бекітілген.
- Кейбір ТД жүйелері үшін кадр пішімін өзгерту мүмкін емес.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құлақпақтарды ажыратыңыз.
- Динамиктің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Жолақты динамик сымдарының қыстырылғанын тексеріңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск ойнатылмайды

- Оқылатын дискіні жапсырма жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Диск түрін, түс жүйесін және аймақтық кодты тексеріңіз. Дискіде қандай да сызықтардың немесе дақтардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Жүйені реттеу мәзірінен шығу үшін **SYSTEM MENU** түймесін басыңыз.

- Ата-аналық бақылау құпия сөзін өшіріңіз немесе дәреже деңгейін өзгертіңіз.
- Жүйе ішінде ылғал конденсацияланған. Дискіні шығарыңыз және жүйені шамамен бір сағатқа қосып қалдырыңыз. АТ қуат ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.
- Қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде дискіні ойнату соңына жеткеннен кейін және ешқандай басқару болмаса, жүйе 15 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

DivX бейне файлдарын ойнату мүмкін емес.

- DivX бейне файлы толық екенін тексеріңіз.
- Файл кеңейтімі дұрыс екенін тексеріңіз.
- Сандық құқықтар мәселесіне байланысты, DRM-қорғалған бейне файлдарды баламалы бейне қосылымы арқылы ойнатуға болмайды (мыс. композиттік, компоненттік және scart). Бейне мазмұнды диск құралына тасымалдаңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын толығымен ұзартыңыз.

Дыбыс немесе субтитр тілдерін орнату мүмкін емес

- Диск бірнеше тілдегі дыбыспен немесе субтитрлермен жазылмаған.
- Дискіде дыбыс немесе субтитр тіліне тыйым салынған.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны белгілі бір шектен асқан. Бұл ақаулық емес.
- Бұл файлдардың пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы осы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Таймер істемейді

- Сағатты дұрыс орнатыңыз.
- Таймерді қосыңыз.

Сағат/таймер параметрін өшірілген

- Токқа кедергі келтірілген немесе электр шнуры ажыратылған.
- Сағатты/таймерді қалпына келтіріңіз.

13 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кердігерлеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жаңадандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Be responsible
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған.
«Dolby» және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories сауда белгілері болып табылады.



'DVD Video' DVD Format/Logo Licensing корпорациясының сауда белгісі болып табылады.



DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® дегеніміз Rovi корпорациясының филиалы DivX ЖШС жасаған сандық бейне пішімі болып табылады. Бұл — DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Файлдарды DivX бейнелеріне түрлендіру үшін divx.com сайтына кіріңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: Бұл DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі керек. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінде DivX VOD бөлімінің орнын анықтаңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық ақпарат үшін vod.divx.com сайтына өтіңіз.


Кеңейтілген мүмкіндіктері және жоғары сапалы мазмұн бар DivX® бейнелерін ойнатуға DivX Ultra® куәландырған. DivX®, DivX Certified® және оларға қатысты логотиптер Rovi корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады.



«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес.

Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз. iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері. iPad — Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Ескертпе

- Жапсырма құрылғының артқы жағында орналасқан.



Specifications are subject to change without notice
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred
to in this document as WOOX Innovations, and is the
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the
warrantor in relation to the product with which this booklet
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

